



Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 504 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 601 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 601 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 524 бұйрығын қараңыз.

"Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 20 сәуірдегі
№ 504 қаулысымен
бекітілген

Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеке және (немесе) заңды тұлғаларға әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ғарыш аппараттары транспондерлерін немесе транспондерлерінің сыйымдылығын (бұдан әрі – транспондерлер) жалға ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ғарыш аппараты транспондерінің сыйымдылығы – транспондерлердің жиілік-энергетикалық ресурсы;

2) ғарыш аппараты – ғарыш кеңістігінде орналасқан және спутниктік байланысты ұйымдастыруға арналған техникалық құрылғы;

3) ғарыш аппаратының транспондері – ғарыш аппаратына орнатылған және Жер–ғарыш–Жер сигналдарын қайта таратуға арналған радиохабар тарататын құрылғылар жиынтығы;

4) ғарыштық байланыс жүйесінің ұлттық операторы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, ғарыш жүйесін техникалық пайдалануды қамтамасыз ететін және жеке және (немесе) заңды тұлғаларға транспондерлерді жалға ұсыну бойынша қызметтер көрсететін ұйым.

5) спутниктік байланыстың жер станциясы – Жердің бетінде орналасқан және бір немесе бірнеше ғарыш аппараттарымен немесе бір немесе бірнеше қайталайтын ғарыш аппараттарының көмегі арқылы осыған ұқсас жер станцияларымен немесе ғарыштағы басқа да объектілермен байланысты жүзеге асыруға арналған станция;

6) спутниктік байланыстың жер станциясының ғарыш аппаратына қолжетімділігі – ғарыштық байланыс жүйесінің ұлттық операторы беретін, спутниктік байланыстың жер станцияларының транспондерлерге қосылуының техникалық мүмкіндігін растайтын құжат.

2. Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға транспондерлерді ұсыну тәртібі

3. Транспондерлерді жалға алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі – өтініш беруші) ғарыштық байланыс жүйесінің ұлттық операторына (бұдан әрі – ұлттық оператор) осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді. Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес айлар бөлінісіндегі транспондерлерді жүктеу кестесі;

2) осы қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылатын спутниктік байланыс арналарының параметрлері;

3) осы қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес пайдалануға жоспарланып отырған спутниктік байланыстың жер станцияларының тізбесі.

4. Ұлттық оператор ұсынылған құжаттарды қарайды және қарау нәтижелері бойынша өтінім берушіні транспондерлердің жалға берілетіндігі туралы хабардар етеді немесе дәлелді бас тартуды құжаттар ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жібереді.

5. Ұлттық оператор мынадай жағдайларда транспондерлерді жалға ұсырудан б а с т а р т а д ы :

1) ұсынылған құжаттар осы қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе;

2) транспондерлер бос болмаса немесе резервтелген болса.

6. Транспондерлерді жалға ұсыну туралы хабардар еткенде, осы қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес транспондерлерді жалға ұсыну бойынша қызметтерді көрсетуге үлгілік шарттың жобасы қоса беріледі. Транспондерлерді жалға ұсыну бойынша қызметтерді көрсету шартына хабарлама жіберілген сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қол қойылады.

7. Транспондерлерді жалға ұсыну бойынша қызметтерді көрсету шартына қол қойылғаннан кейін өтінім беруші ғарыш аппаратына спутниктік байланыстың жер станцияларының қолжетімділігін алуы тиіс.

8. Ғарыш аппараттарына спутниктік байланыстың жер станцияларының қолжетімділігінің техникалық талаптарын ұлттық оператор айқындайды және спутниктік байланыстың жер станцияларын сынаудан тұрады.

9. Ұлттық оператор өтінім берушіде осы рұқсатта көрсетілген жиіліктерді, радиожііліктерді (радиожіілік арнаның) өтінімде көрсетілген спутниктік байланыстың жер станцияларын қолдану арқылы пайдалануға тиісті радиожіілік органы берген радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсаттардың көшірмелері болған жағдайда спутниктік байланыстың жер станцияларына сынау жүргізеді.

10. Спутниктік байланыстың жер станцияларын сынаудың оң нәтижелері болған жағдайда, ұлттық оператор осы қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ғарыш аппараттарына спутниктік байланыстың жер станцияларының қолжетімділігін ресімдейді.

Ж е к е ж ә н е (н е м е с е) з а ң д ы

т ұ л ғ а л а р ғ а ғ а р ы ш а п п а р а т т а р ы

т р а н с п о н д е р л е р і н ұ с ы н у қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

Ғарыш аппараттары транспондерлерін және транспондерлерінің сыйымдылығын жалға ұсынуға өтінім

1. Өтініш беруші _____
(кәсіпорын, ұйым атауы)

2. Өтініш берушінің мекенжайы (заңды және почталық) _____

3. Өтініш берушінің деректемелері _____
(банктік деректемелері, сәйкестендіру нөмірі (ЖСН, БСН) резиденттік елде салықты тіркеу нөмірі)

4. Телефон, факс, интернет-ресурс _____

5. Байланысатын тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

6. Өтініш берушінің лицензиясы (бар болған жағдайда) _____
(лицензия нөмірі, қызмет түрі, жарамдылық мерзімі)

7. Сұрау салынған жиілік-энергетикалық ресурс _____
(ғарыш аппаратының атауы, сұрау салынған ресурс көлемі, МГц)

7.1. Ресурсты пайдаланудың барлық мерзіміне МГц жалпы көлемі _____

8. Ресурсты пайдалануды бастау _____
(күні, айы, жылы)

9. Пайдаланудың жоспарлы мерзімі _____
(ай, жыл саны)

10. Өтініш берушінің айрықша талаптары _____
Өтінімге берілетін қосымшалар:

1. Айлар бөлінісіндегі ғарыш аппараттары транспондерлерін және транспондерлерінің сыйымдылығын жүктеу кестесі.

2. Ұйымдастырылатын спутниктік байланыс арналарының параметрлері.

3. Пайдалануға жоспарланып отырған спутниктік байланыстың жер станцияларының тізбесі.

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Қолы _____

Күні _____

М.О.

Жеке және (немесе) заңды
тұлғаларға ғарыш аппараттары

Айлар бөлінісіндегі ғарыш аппараттары транспондерлерін және транспондерлерінің сыйымдылығын жүктеу кестесі

р / с №	Кезең, ай-жыл	Жүктелетін ресурс, МГц

Басшы

(тегі, аты, әкесінің аты)

Қолы

Күні

М.О.

Жеке және (немесе) заңды
тұлғаларға ғарыш аппараттары
транспондерлерін ұсыну
3-қосымша

қағидаларына

Ұйымдастырылатын спутниктік байланыс арналарының параметрлері

Параметрлер	Параметрлердің мәні			
	1 арна үшін	2 арна үшін	3 арна үшін	№ * арна үшін
Спутниктік байланыстың таратушы жер станциясының белгісі (сәйкестендіру нөмірі**)				
Спутниктік байланыстың қабылдаушы жер станциясының белгісі (сәйкестендіру нөмірі**)				
Ақпараттық жылдамдық, кбит/с				
Қызмет арнасының ақпараттық жылдамдығы, кбит /с				
Модуляция түрі				
Кодтың салыстырмалы жылдамдығы				
Блоктық кодтау (мысалы: Рида-Соломон коды және т.б.)				
Бір бит энергиясының шу қуатының спектрлі тығыздығына қатынасы, дБ				
Тасушы/шу қатынасы, дБ				
Қосымша мәліметтер (айрықша талаптар)				

Е с к е р т п е :

* Ғарыш аппараты арқылы бір уақытта жұмыс жасайтын арналардың саны

** Спутниктік байланыстың жер станцияларының сәйкестендіру нөмірлері мынадай тәртіппен беріледі:
 А А А - В В В - Х Х Х Х , мұнда
 ААА – өтініш берушіге тиесілігі (мысалы: "Достық" ЖШС - DOS);
 ВВВ – спутниктік желінің атауы немесе спутниктік байланыстың жер станцияларының орналасқан жері (мысалы: SkyStar Advantage – SSA желісі; Алматы қ. – А L M) ;
 ХХХХ – станцияның төрт таңбалы коды (желідегі реттік нөмірі).

Егер өтініш беруші осы сәтте ұлттық оператордың есептік кешенінің деректер базасында жоқ модуляция түрі мен сигналдар кодын пайдаланса, онда өтініш беруші иеленетін жолақты есептеуді дербес жүргізуге және нәтижелерін ұлттық операторға беруге құқылы. Өтініш беруші спутниктік байланыстың жер станцияларының параметрлері бойынша толық ақпаратты 4-қосымшаға сәйкес ұсынады. Ұлттық оператор өз кезегінде өтініш берушінің сигналдар параметрінің ұсынылған ақпаратқа сәйкестігіне өлшеуді жүргізеді.

Басшы _____
 (тегі, аты, әкесінің аты)
 Қолы _____
 Күні _____

М.О.
 Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидаларына 4-қосымша

Пайдалануға жоспарланып отырған спутниктік байланыстың жер станцияларының тізбесі

Параметрлер	Параметрлердің мәні			
	№ 1 спутниктік байланыстың жер станциясы үшін	№ 2 спутниктік байланыстың жер станциясы үшін	№ 3 спутниктік байланыстың жер станциясы үшін	№ _ _ спутниктік байланыстың жер станциясы үшін
Спутниктік байланыстың жер станциясының сәйкестендіру нөмірі*				
Орналасқан елі*				
Жақын орналасқан елді мекеннің атауы *				
Мекенжайы (почталық индекс көрсетілген)*				
Әкімшіліктің телефоны, факсы, e-mail				

Ауысымдық персоналдың телефоны, факсы, e-mail*				
Бойлық, град: мин: сек*				
Ендік, град: мин: сек*				
Теңіз деңгейінен биіктігі, м*				
Антеннаның диаметрі, м				
Антеннаның жасаушысы (түрі)				
Автосүйемелдеу жүйесінің болуы				
Сапалылықтың номиналды мәні, дБ/°К				
Антеннаның қабылдауын күшейту, дБи				
Антеннаның қабылдауын күшейтудің өлшеу жиілігі, МГц (шығарушының деректері бойынша)				
Шуы аз күшейткіштің шу температурасы, °К				
Қабылдаудың антенналық-толқын өткізгіш жолындағы шығындар, дБ				
Таратудың жиілік диапазоны, МГц				
Антеннаның таратуын күшейту, дБи				
Антеннаның таратуын күшейтудің өлшеу жиілігі, МГц (шығарушының деректері бойынша)				
Ең жоғарғы баламалы изотропты сәуле шығару қуаты, дБВт				
Ең төменгі орнатудың баламалы изотропты сәуле шығару қуаты, дБВт				
Баламалы изотропты сәуле шығару қуатының мәнін орнату қадамы, дБВт				
Баламалы изотропты сәуле шығару қуатын ұстаудың дәлсіздігі, дБВт				
Баламалы изотропты сәуле шығару қуатында бақылау блогының болуы				
Таратқыштың қуаты, Вт*				
Таратудың антенналық-толқын өткізгіш трактындағы шығындар, дБ				
Таратқыш түрі (кума толқыны лампасы, катты дене және т.б.)				
Кроссполяризациялық шешіліс, дБ				
Қосымша мәліметтер				

Е с к е р т п е :

* Спутниктік байланыстың бір типтік жер станциялары үшін әр типтің бір станциясы үшін ғана барлық жолдар толтырылуы қажет, ал осы типтегі қалған станциялар үшін "*" жолдарда белгіленген деректер бөлек тізіммен қоса берілуі қажет.

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
Қолы _____
Күні _____

М.О.
Жеке және (немесе) заңды
тұлғаларға ғарыш аппараттары
транспондерлерін ұсыну қағидаларына
5-қосымша

Ғарыш аппараттары транспондерлерін немесе транспондерлерінің сыйымдылығын жалға беру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарты

_____ қаласы "___" _____ ж.
_____ (бұдан әрі – жалға беруші) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және _____ (бұдан әрі – жалға алушы) атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы _____ ғарыш аппараты транспондерлерін немесе транспондерлерінің сыйымдылығын жалға ұсыну бойынша қызметтерді көрсетуге Шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Жалға беруші жалға алушыға _____ град ш.б. орбиталық позициясындағы № _____ диапазонның _____ ғарыш аппаратының транспондерлерін және транспондерлерінің сыйымдылығын (бұдан әрі – транспондерлер сыйымдылығы) жалға ұсыну бойынша қызметтерді (бұдан әрі – қызметтер) осы шарттың 2-қосымшасында көрсетілген көлемде және мерзімде көрсетеді, ал жалға алушы шартта көзделген жағдайларда транспондерлердің сыйымдылығын жалға алады және көрсетілген қызметтерге шарт пен шарттың 1, 2 және 3-қосымшаларында көзделген жағдайларда ақы төлеуді жүргізеді.

1.2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шарттың 1-тармағында көрсетілген қызметтер тізбесі өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

1.3. Қызметтер Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ № _____ қаулысымен бекітілген Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) осы шартқа, шарт қосымшаларына, жалға берушінің ішкі құжаттарына сәйкес жалға беруші ұсынады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жалға берушінің міндеттері:

2.1.1. Шарт талаптарына сәйкес қызметтерді үздіксіз, тәулік бойы ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т у .

Жалға алушының қызметтерді пайдалану кезінде пайдаланатын техникалық құралдары жалға алушының шарт жасау сәтінде мәлімдеген сипаттамаларына сәйкес болған жағдайда транспондердің үздіксіз және тәулік бойы жұмыс жасауы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

2.1.2. Осы шартта көзделген талаптарға сәйкес қызметтерді ұсынуда сапаның нашарлау немесе үзілістің болу мүмкіндігі туралы жалға алушыны хабардар ету.

2.1.3. Қызметтер ұсынуда үзілістерді немесе қызметтер сапасының нашарлау мүмкіндігіне әкелуі мүмкін жөндеу, регламенттеу және баптау жұмыстарын жүргізу кезінде жалға беруші жалға алушыны осы жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын хабардар етуге міндеттенеді .

2.1.4. Қызметтерді ұсыну үшін қажетті қызметтерді ұсынуда үзілісті талап ететін және спутниктік жабдықтың (бұдан әрі – спутниктік жабдық) авариялық (авария алдындағы) жағдайына байланысты жүргізілетін жедел жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу туралы, егер осындай жұмыстарды алдын ала болжай алса, осындай жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін 2 сағаттан кешіктірмей жалға алушыны хабардар ету. Аталған хабарламада осындай жұмыстардың күні, басталу уақыты және шамамен аяқталу уақыты көрсетілуі т и і с .

2.1.5. Спутниктік жабдықтың Жер мен Айдың көлеңке учаскелерінен өтуіне байланысты қызметтер ұсынуда орын алуы мүмкін техникалық үзілістердің кезеңдері туралы жалға алушыны кемінде бір ай бұрын хабардар етеді.

2.1.6. Жалға алушыны оның шартта және/немесе қағидаларда көзделген талаптарды жалға берушінің спутниктік жабдығының тиісінше жұмыс істеуі үшін қауіп төндіретіндей бұзуы туралы хабардар етеді және осындай бұзушылықтарды жою үшін жалға алушыға хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзім береді.

2.2. Жалға алушының міндеттері:

2.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтерге уақтылы және толықтай ақы т ө л е у д і ж ү р г і з у .

2.2.1. Көрсетілетін қызметтерді ұсынудағы үзілістер немесе сапаның нашарлауы туралы жалға берушіні шартта көзделген тәртіппен хабардар ету.

2.2.3. Шартта және жалға берушінің ішкі құжаттарында көзделген

талаптардың жалға берушінің спутниктік жабдығының тиісінше жұмыс істеуі үшін қауіп төндіретіндей бұзылуын жалға берушіден мұндай бұзушылықтар туралы тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жою.

2.2.4. Белгіленген тәртіппен спутниктік байланыстың жер станцияларының ғарыш аппаратына қолжетімділік алу және шарттың 1-қосымшасына сәйкес ақы төлеуді жүргізу.

2.2.5. Жалға алатын транспондерді немесе жиілік ресурсын жалға берушімен алдын ала жазбаша келіспей үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеу.

2.2.6. Қағидалардың талаптары мен шарт талаптарын қатаң ұстану.

2.2.7. Қызметтер тоқтатылған кезде _____ ғарыш аппаратына бағытталған өздерінің спутниктік байланыстың жер станцияларынан сәулелендірулерді алып тастау және бір тәулік ішінде бұл туралы жалға берушіні хабардар ету.

2.2.8. Егер жалға алушы шартта көзделген талаптардың бұзылуына жол берсе мұндай бұзушылық жалға берушінің немесе оның өзге клиенттерінің желісінің немесе жабдығының тиісінше жұмыс істеуі үшін қауіп төндірсе, мәжбүрлі тоқтатылғаны және бұзушылықтар жойылғаннан кейін қайта қосылғаны үшін жалға алушы жұмыс жасайтын транспондерлер үшін жалға берушіге тиесілі соманы төлейді.

2.2.9. Жалға алушы кедергі көздерін іздеу және жою кезінде жалға берушіге жәрдем көрсету бойынша барлық шараларды қабылдауға міндетті.

2.3. Тараптардың міндеттері:

2.3.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгеруіне сәйкес жалға беруші қолданысқа енгізілетін талаптарды қоса алғанда шартта көзделген талаптарды қатаң сақтауға;

2.3.2. Заңды мекенжайдың, заңды мәртебенің және банктік деректемелердің кез келген өзгерістері туралы бір-бірін дереу жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ екінші Тараптың сұрауы бойынша келіссөздер жүргізу үшін, қаржылық және өзге құжаттарға қол қою үшін өздерінің өкілдерінің уәкілеттігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

2.4. Жалға берушінің құқықтары:

2.4.1. төтенше жағдайларды жою, ұлттық мүдделерді сақтау, Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың транспондерлер сыйымдылығын пайдалану қажеттілігі туындаса;

жалға алушы шартта көзделген талаптарды бұзса және мұндай бұзушылық жалға берушінің не оның басқа да клиенттері желісінің немесе жабдығының тиісінше жұмыс істеуі үшін қауіп төндірсе және жалға алушы мұндай бұзушылықтарды жою туралы жалға берушіден талапты алған күннен бастап

күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде жоймаса;
жалға алушы төлем мерзімі кешіктірілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн
ішінде қызметтерге ақы төлемесе;
шарттың 11-бөліміне сәйкес анықталатын еңсерілмес күш мән-жайының (форс-мажор) салдары жағдайында жалға алушыға алдын-ала жазбаша хабарлама жібере отырып, жалға алушыға қызметтерді ұсынуды (толықтай немесе жартылай) тоқтату.

2.4.2. Жалға алушы төлем бойынша қаржылық міндеттерді бірнеше рет бұзған жағдайда, егер:
мұндай бұзушылық күнтізбелік алпыс күн ішінде үздіксіз созылса;
ақы төлемеу бойынша мерзімі өткен күндердің жалпы саны он екі ай ішінде күнтізбелік алпыс күнді құраса жалға беруші жалға алушыны жазбаша хабардар етіп, шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.
Бұл ретте, жалға алушы жалға берушіге тиесілі төлемді төлеуден босатылмады.

2.5. Жалға алушының:
бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын жалға берушіге жазбаша хабарлама жіберіп, шарттың қолданысын бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын мынадай жағдайларда бұзуға құқығы бар:
жалға берушінің кінәсі бойынша қызметтерді ұсынуда күнтізбелік отыз күннен аса созылған үзіліс;
жалға беруші шарт немесе Қағидалардың талаптарын бірнеше рет орындамаған жағдайда;
егер жалға беруші күнтізбелік отыз күн ішінде ұқсас қызметтерді басқа спутникте ұсынбаса, _____ ғарыш аппараты коммерциялық пайдаланудан шығарылған жағдайда.

3. Шарт бағасы мен есептесу тәртібі

3.1. Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құны айына транспондер сыйымдылығының 1 МГц (бір Мегагерц) үшін шарттың 1-қосымшасында белгіленген.

3.2. Транспондер сыйымдылығының 1 МГц құнына:
1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық салықтар, баж салықтары және басқа да міндетті төлемдер мен алымдар, соның ішінде қосымша құн салығы (ҚҚС);

2) басқа да шығындар, соның ішінде ілеспе қызметтердің құны кіреді.

3.3. Транспондер сыйымдылығының 1 МГц құнының өзгеруі Жалға берушімен жылына бір рет қана жүргізілуі мүмкін.

3.4. Қызметтерді көрсеткені үшін төлем қызметтер ұсынылған күннен бастап е с е п т е л е д і .

3.5. Осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жүктеу кестесіне (2-қосымша) сәйкес жалға алушы жалға берушіге ай сайын төлемге шот ұсынылғаннан кейін он банктік күн ішінде алдын ала ақы төлеу жағдайларында қызметтерге төлем жүргізеді.

3.6. Шоттар қызмет көрсетілетін айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейін беріледі. Толық емес айға есеп қызмет көрсетілетін күнтізбелік күндер санының есебінен анықталады. Толық емес айға төлемді есептеу үшін отыз күннен тұратын ай қарастырылады. Егер қызметтер көрсетуді тоқтату жалға алушының талабы бойынша қызметтерді көрсетудің есепті айы аяқталғанға дейін болса, онда толық емес мерзімге қайта есептеу жүргізілмейді, 2-қосымшаға сәйкес жалға алудың толық сомасы алынады.

3.7. Жалға беруші жалға алушыға Қызметтер ұсынылған айдан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей (бұдан әрі – есепті ай) жалға алушыға есепті айда қызметтердің көрсетілгенін растайтын көрсетілген қызметтер актісін және шот-фактураны жібереді. Жалға алушы жалға берушіден көрсетілген қызметтердің актісін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде актіге қол қоюға және жалға берушіге жіберуге немесе қызметтерді толықтай немесе жартылай қабылдаудан бас тартуды, бас тартудың себептерін көрсете отырып мәлімдеуге міндетті. Жалға алушы негізді бас тартуды жіберген және Тараптар оны мойындаған жағдайда, жалға беруші негізді бас тарту алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей екіжақты акт жасайды, онда жалға алушының шағымдары көрсетіледі, соған сәйкес тиісті түзетулер жүргізіледі.

3.8. Жалға беруші жалға алушы қол қойған, көрсетілген қызметтердің актісін немесе қызметтерді толықтай немесе жартылай қабылдаудан негізді бас тартуды белгіленген уақытта алмаған жағдайда, жалға беруші есепті айда ұсынған қызметтер қабылданған болып есептеледі.

3.9. Егер жалға алушы 2-қосымшада көрсетілген мерзімдерде транспондерлердің сыйымдылықтарын толтырмаған жағдайда, жалға беруші өзі көрсеткен қызметтер есепті мерзімде толық көлемде орындалды деп есептейді.

3.10. Егер есепті кезеңде нақты көрсетілген қызметтердің бағасы алдын ала төлемнің сомасынан асып кетсе, берешек сомасына жалға беруші шот ұсынған уақыттан бастап бес банктік күн ішінде жалға алушы берешекті төлеуге міндетті.

3.11. Спутниктік байланыстың жер станцияларының қолжетімділігіне рұқсат алу бойынша қызметтерге жалға алушының ақы төлеуі жалға беруші ұсынған шоттың негізінде он банктік күн ішінде жүзеге асырылады.

4. Қызметтерді ұсыну мерзімдері мен шарттары

4.1. Қызметтерді ұсыну Тараптардың қызметтерді ұсынуды бастау туралы екіжақты актіге қол қойған күнінен (бұдан әрі – қызметтерді ұсынуды бастау күні) бастап, спутниктік байланыстың жер станцияларының транспондерлерге қолжетімділігіне тиісті рұқсат алу рәсімінен кейін басталады.

4.2. Жалға алушы ұсынылатын қызметтердің жалға берушінің кінәсінен сапасының нашарлауын немесе ұсынудағы үзілістерді байқаған жағдайда, жалға беруші бұзушылықтарды жою және қызмет сапасын ұстау бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін жалға алушы бұл туралы жалға берушіні тез арада хабардар етуге міндеттенеді (ең жедел, қолжетімді әдіспен: телефон, факс, электронды почта арқылы). Жалға беруші жалға алушының хабарламасының уақытын белгілеуге, ұсынылатын қызметтердің сапасының нашарлауы немесе ұсынудағы үзілістердің себептерін анықтауға, егер үзілістер жалға берушінің кінәсінен болса, оларды жою бойынша қажетті шаралар қабылдауға, кейін жалға алушыны қабылданған шаралар туралы хабардар етуге және қызметтерді ұсынуды жаңартуға міндетті. Жалға беруші жалға алушыдан хабарлама түскен уақыттан бастап отыз минут ішінде тіркеу журналында қызметтерді ұсынудағы үзіліс фактілері туралы жалға алушының хабарламаларын тіркеуге міндетті. Үзіліс мерзімі жалға алушыдан қызметтерді ұсынудағы үзілістер фактілері туралы хабарлама түскен уақыттан бастап есептеледі және жалға алушы қызметтер көрсетуді жаңарту сәтінде аяқталады. Жалға берушінің кінәсі бойынша үзіліс фактісі расталғаннан кейін, Тараптар үзіліс себептері мен уақыты көрсетілген үзіліс актісіне қол қояды.

4.3. Жалға беруші осы шарттың 1.1-тармағында көрсетілген және резервтелген жиілік көлемін ұстауға және жалға алушының талабы бойынша шартқа 2-қосымшада көрсетілген транспондерлерді жүктеу кестесіне сәйкес мынадай жағдайларда ұсынуға міндеттенеді:

Жалға алушы шарттың 1-қосымшасына сәйкес мәлімделген, алайда белгіленген көлемде спутниктік сыйымдылықтың пайдаланылмаған көлемін т ө л е й д і ;

осы шарттың 3.10-тармағында көзделген тәртіппен жалға алушының мәлімдеген жиіліктерін мерзімінен бұрын жүктеуге рұқсат етіледі;

жалға берушінің резервтелген көлемді жалға алушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруіне рұқсат етілмейді.

4.4. Транспондердің мәлімделген сыйымдылығын жоспардан тыс жүктеуді жалға алушының жазбаша өтініші бойынша Тараптар жүргізеді. Өтінішті транспондердің сыйымдылығын жүктеуді арттырудың болжамды күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жалға алушы жіберуі қажет. Өтініштің түсуі

бойынша жалға беруші жоғарыда көрсетілген мерзімде жалға алушыға өтінішке сәйкес транспондердің сыйымдылығын жүктеуді арттыру мүмкіндігін беруге міндетті. Бұл ретте Тараптар бес жұмыс күні ішінде 2-қосымшаға тиісті өзгертулер енгізеді. Пайдаланылатын транспондерлердің сыйымдылығына төлем шарттың 3-бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

4.5. Транспондердің сыйымдылығын пайдалану барысында жалға алушы аппаратурасында өткізілетін барлық өзгерістер мен алдын алу жұмыстары туралы жалға алуға міндетті түрде жүргізілетін жұмыстар және/немесе жұмыстар жоспары туралы ақпаратты және жүзеге асырылатын өзгертулер бойынша ақпаратты ұсына отырып, олар басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей жалға берушіні хабардар етеді.

4.6. Транспондердің сыйымдылығын пайдалану кезінде жалға алушының аппаратурасында апаттық-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілу кезінде жалға алушы бұл туралы жалға берушіні кешіктірмей дереу хабардар етеді (ең жедел, қолжетімді әдіспен: телефон, факс, электронды почта арқылы).

4.7. Егер транспондердің бөлігін енгізу кезінде транспондердің екінші бөлігі басқа жалға алушының пайдалануында болса, транспондердің енгізілетін бөлігі, әдетте, транспондер үшін бұрын орнатылған параметрлерге ие болады. Транспондердің белгіленген параметрлерінің өзгеруін жалға беруші есептейді, оны транспондерді қолданатын барлық жалға алушылармен келіседі.

5. Қызметтерді ұсыну барысындағы үзілістер

5.1. Егер жалға берушінің кінәсінен қызмет мүлдем көрсетілмеген жағдайда, сондай-ақ нақты қызмет көрсетілмеген уақыттың жалпы ұзақтығы айына ___ сағаттан көп болса, онда бұл тұрып қалу қызмет көрсетудегі үзіліс деп есептеледі. Жалға беруші қызметтерді көрсетуде үзіліс болған айға төлемді, егер қызметтерді көрсетудің осы айында осындай үзіліс орын алмаған жағдайда, жалға алушы төлеу керек болатын, көрсетілген уақыттан артық үзілістің әрбір сағаты үшін айлық төлемнің 1/720 бөлігіне азайтуға міндеттенеді. Егер тұрып қалу айына ___ сағаттан аз болса, онда үзіліс болып есептелмейді және оны жалға беруші өтемейді.

5.2. Қызметтерді көрсетудегі үзіліс Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сервисті ұзу актісімен ресімделеді және шарттың осы бөлімінің жағдайларында жалға берушінің қызметтері үшін төлемді азайтуға құжатты негіз болып табылады. Қызметтерді көрсетудегі үзілістер үшін қызметтер бағасын азайту екі тарап та қол қоятын көрсетілген қызметтердің ай сайынғы актісінде көрсетілуі қажет.

5.3. Егер қызметтің болмауы және/немесе оның сапасы мен көлемінің

нашарлауы жалға алушының кінәсінен туындаса, онда қызметті алмау/нашар сападағы және көлемдегі қызметті алу уақыты қызметтерді көрсетудегі үзіліс болып есептелмейді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптардың әрқайсысы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау арқылы келтірген шығын үшін келесі Тараптың алдында жауапты болады.

6.2. Егер сапаның төмендеуі жалға алушының техникалық құралының тиісінше жұмыс істемеуі себебінен орын алса, жалға беруші арналардың жұмыс сапасына жауапты болмайды.

6.3. Жалға беруші шарт бойынша міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, соның ішінде қызмет беруде үзілістер болғанда (бұдан әрі – міндеттерді бұзу) жалға беруші міндетті бұзған әрбір жағдай үшін жалға алушыға қызметтің ай сайынғы құнының 0,1% көлеміндегі айыппұлды міндетті бұзған әр тәулік (24 сағат) үшін төлейді, алайда ол қызметтің ай сайынғы бағасының 10 %-ынан аспауы қажет. Егер міндетті бұзу кезеңі 24 сағаттан аз болса, айыппұл міндетті бұзу уақытына тең төленеді.

6.4. Жалға алушының шарттың 2.2.7-тармағын орындамауы жалға берушінің қызметін одан әрі пайдалануын растайды және Шарт жағдайларына сәйкес қызметке ақы төлеу бойынша міндеттемелер жүктейді.

6.5. Жалға алушы шарт бойынша жалға берушіге тиесілі кезекті ай сайынғы төлемнен айыпақы (айыппұл, өсім) сомасын ұстап қалуға құқылы.

6.6. Шартта көзделген қызметтердің көрсетілгені үшін төлем мерзімінен кешіктірілген жағдайда, жалға алушы жалға берушіге төлемнің әрбір мерзімі өткен күн үшін, қызметтің ай сайынғы бағасының 0,1% көлеміндегі айыпақы төлейді, алайда қызметтің ай сайынғы бағасының 10%-ынан аспауы қажет. Айыпақыны төлеу жалға алушыны нақты көрсетілген қызметтердің төлемдерін төлеуден босатпайды.

6.7. Көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу мерзімі 60 (алпыс) күннен астам уақытқа кешіктірілген жағдайда жалға берушінің қызметтерді көрсетуді тоқтату, айыппұл санкцияларын қолдану және шартты біржақты тәртіпте бұзу құқықтары бар. Шартты бұзу жалға алушыны айыпақы мен нақты көрсетілген қызметтердің төлемдерін төлеуден босатпайды.

6.8. Айыпақыны төлеу жалға алушы мен жалға берушіні міндеттерін орындаудан және бұзушылықтарды жоюдан босатпайды.

6.9. Жалға берушінің спутниктік жабдығын пайдалану арқылы жалға алушы беретін ақпараттың мазмұнына жалға беруші жауапты болмайды.

7. Шарттың қолданылу мерзімі, қызметтер көрсетуді тоқтата тұру, Шарттың қолданылуын тоқтату

7.1. Осы шарт оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және _____ қ о л д а н ы л а д ы .

Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына қарай шарт бойынша өз міндеттерін тиісінше атқарған жалға алушының жаңа мерзімге шарт жасауда басқа тұлғалардың алдында артықшылығы болады.

Егер жалға алушы шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін жалға беруші тарапынан қарсылық болмаған жағдайда жалға берушінің қызметін қолдануды жалғастырса, шарт сол жағдайларда және сондай мерзімге ұзартылған болып е с е п т е л е д і .

7.2. Шарттың қолданылуы бір Тараптың шартты бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын жіберілген жазбаша хабарламасы арқылы мерзімінен бұрын тоқтатылуы да мүмкін.

7.3. Шарттың қолданылуының тоқтатылуының негізіне қарамастан шарт Тараптардың бір-біріне қаржылық міндеттемелері болмаған жағдайда немесе Тараптардың қаржылық дауларын реттеу үшін шарттың бұзылған күніне дейін жасалған өзара есептесулер актісінде көрсетілген талаптарды екі Тарап та орындағаннан кейін ғана тоқтатылған болып есептеледі.

7.4. Шарттың қолданысы мерзімінен бұрын бір жақты түрде жалға алушымен бұзу болжанып отырған күнге отыз күн қалғанға дейін жазбаша хабарлама жіберу арқылы жалға берушінің бастамасы бойынша мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

1) Жалға алушы жалға берушінің спутниктік жабдығының тиісінше жұмыс істеуіне қатер төндіретін шартта қарастырылған талаптарды бұрмалауға жол береді және қызметтерді беруді тоқтатқан күннен бастап отыз күн ішінде бұрмалаушылықтарды жоймайды:

2) _____ ғарыш аппаратын коммерциялық пайдаланудан шығарған кезде егер жалға беруші жалға алушыға күнтізбелік отыз күн ішінде басқа спутниктен ұқсас қызметтерді ұсына алмайтын болса;

3) жалға алушы ақы төлеу бойынша қаржылық міндеттемелерін бірнеше рет бұзған кезде және мұндай бұрмалаушылық төлемді кешіктірген күннен бастап алпыс күнтізбелік күн бойы созылған болса жалға беруші біржақты түрде шартты бұзады.

8. Құпиялылық

8.1. Әрбір Тарап осы шарттың күшінде болу мерзімі ішінде және ол күшін жойғаннан кейін ___ жыл бойы осы шартты, оның ішінде шарттың мәтінін, оған қосымшаларды, толықтыруларды орындау нәтижесінде алынған барлық ақпаратқа құпия ретінде қарайды және қорғайды. Әрбір Тарап құпия ақпаратты шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың айрықша мақсаттарында ғана пайдалануға міндеттенеді және құпия ақпаратты жария етуді немесе құқыққа қарсы пайдалануды болдырмайтын барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады.

8.2. Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз кімге болса да шарттың, оған қосымшалардың, толықтырулардың мазмұнын ашуға тиіс емес. Құпия ақпарат шартты орындау үшін тартылатын әр Тараптың қызметкерлеріне құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ғана берілуі тиіс.

9. Ілеспе қызметтер

9.1. Жалға беруші шартқа сәйкес Қызметтерді беруге, оның ішінде шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін қажетті техникалық жәрдемдесуді, консультациялар және басқа да қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін ілеспе қызметтерді беруге кепілдік береді.

10. Құқықтарды беру

10.1. Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз кімге болса да шарт бойынша өз құқықтарын толық та, ішінара да бермеуі тиіс.

11. Еңсерілмес күш (форс-мажор) мән-жайлары

11.1. Тараптар егер осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамау Тараптар осы шартты жасасқаннан кейін туындаған, Тараптар алдын ала болжай алмаған және ақылға қонымды шаралармен тоқтата алмаған жаңсақтық пен немқұрайлыққа қатысты емес еңсерілмес күш мән-жайының (форс-мажор) салдары болып табылатын болса, орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Міндеттемелерді орындау мерзімі осындай еңсерілмес күш мән-жайлары орын алған уақытқа тең мерзімге кейінге жылжытылады. Осы шарттың мәтініндегі жоғарыда көрсетілген еңсерілмес күш мән-жайларына мыналар жатады: табиғи зілзалалар, соғыс және әскери іс-қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, ғарыш аппаратымен болған тосын жағдай, мемлекеттік өкіметтің билік немесе басқару органының осы шартты орындамауға алып келген құқықтық актілері. Еңсерілмес күш мән-жайының (

форс-мажор) салдарына сілтеме жасайтын Тарап Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының оларды растайтын құжатын беруге міндетті. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де бірінің басқа Тараптан шығынның орнын толтыруды талап етуге құқығы болмайды.

11.2. Тараптар еңсерілмес күш мән-жайын болдырмау немесе жұмсарту және оның зардаптарын тез жою үшін қажетті күш-жігерді жұмылдыруға міндетті.

11.3. Егер еңсерілмес күш мән-жайларының зардабы ____ күнтізбелік айдан артық уақыт жалғаса беретін болса, шарт кез келген Тараптың талабы бойынша бұзылатын күнге дейін кем дегенде ____ жұмыс күні бұрын басқа Тарапқа хабарлама жіберу арқылы бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Тараптар нақты көрсетілген қызметтер үшін өзара есеп айырысулар жүргізеді.

12. Дауларды шешу

12.1. Тараптар келіссөздердің барысында олардың арасындағы шарт бойынша немесе соған байланысты туындаған барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге барлық күшті жұмылдыруы тиіс.

12.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін ____ жұмыс күні ішінде Тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, дау сотта қаралады.

13. Тараптардың хабарламалары

13.1. Бір Тараптың шарттың орындалуына немесе түсіндіру мақсатына бағытталған хабарламалары жазбаша түрде жасалуы және электрондық почта немесе факс арқылы басқа Тараптың шартта көрсетілген мекенжайына жіберілуі тиіс.

13.2. Факс немесе электрондық почта арқылы жіберілген хабарламалар немесе хабарлар факспен немесе электрондық почтамен жіберілгеннен кейін ____ күн ішінде (почта ұйымының түбіртегіндегі күн бойынша) курьерлік немесе тапсырысты почтамен қосымша түрде расталуы тиіс.

13.3. Хабарламалар жеткізілген күннен бастап немесе күшіне енуі көрсетілген күні (егер Хабарламада басқа күн көрсетілмесе) осы күндердің қайсысы кеш келгендігіне қарай күшіне енеді.

13.4. Шартты орындау барысындағы қажетті хабарламалар Тараптардың шартта көрсетілген немесе қажет болғанда жағдайда түзетілген ресми мекенжайларына жіберіледі.

14. Өзге де жағдайлар

14.1. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар енгізу қосымша келісіммен ресімделеді, оған Тараптардың өкілдері қол қояды және мөрлерімен к у ә л а н д ы р а д ы .

Барлық енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ шартқа қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

14.2. Шартта көрсетілмеген басқа қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттеледі.

4.3. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада, әр Тарап үшін заңды күші бірдей бір-бір дана жасалды.

15. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

"Жалға беруші"

"Жалға алушы"

М.О.

М.О.

Ғарыш аппараты транспондерлерін
немесе транспондерлерінің
сыйымдылығын жалға беру
бойынша қызметтерді көрсетуге
арналған үлгілік шартына
1-қосымша

Қызметтердің құны

Қызметтердің ай сайынғы құны ғарыш аппараты транспондерінің немесе транспондері сыйымдылығының 1 МГц құнына қарай белгіленеді, ҚҚС-ті есептемегенде айына _____ теңгені құрайды. 1 МГц резервте сақтағаны (мәлімделген, бірақ жүктелмеген көлем біртіндеп жүктелген жағдайда) үшін түзету коэффициенті ғарыш аппараты транспондерін немесе транспондер сыйымдылығының 1 МГц құнының _____% құрайды.

Спутниктік байланыстың бір жер станциясының ғарыш аппаратына қолжетімділігінің рәсімін жүргізу құны ҚҚС-ті есептемегенде _____ теңгені құрайды.

Жалға берушінің атынан қол қойған: Жалға алушының атынан қол қойған:

Қолы: _____ Қолы: _____

Күні: "___" _____ ж. Күні: "___" _____ ж.

Ғарыш аппараты транспондерлерін
немесе транспондерлерінің
сыйымдылығын жалға беру

бойынша қызметтерді көрсетуге
арналған үлгілік шартына
2-қосымша

Айлар бөлінісіндегі транспондерлерді немесе транспондерлер сыйымдылығын жүктеу кестесі

Р/с №	Кезең, ай-жыл	Алатын жиілік жолағы, МГц	Жиілік диапазоны (қабылдау/тарату), МГц	Жүктелуіне қарай бір айдағы құны, теңге

Жалға берушінің атынан қол қойған: Жалға алушының атынан қол қойған:

Қолы: _____ Қолы: _____

Күні: " ____ " _____ ж. Күні: " ____ " _____ ж.

Ғарыш аппараты транспондерлерін
немесе транспондерлерінің
сыйымдылығын жалға беру

бойынша қызметтерді көрсетуге
арналған үлгілік шартына

3-қосымша

Спутниктік байланыс арналарының ерекшелігі

Жасалған

күні:

Ғарыш аппаратының

атауы:

Ғарыш аппаратының геостационарлық орбитада орналасу нүктесі:

Борттық қайта тарату транспондерінің нөмірі:

Параметрлер	Параметрлердің мәні		
	1 арна	2 арна	№* арна
Таратушы станцияның белгісі			
Қабылдау станциясының белгісі			
Аппараттық жылдамдық, кбит/с			
Қызмет арнасының жылдамдығы, кбит/с			
Модуляция түрі			
Кодтың салыстырмалы жылдамдығы			
Кодты қорғау			
Шудың спектрлі тығыздығына бит энергиясының ара-қатынасы			
Жиіліктердің орналасу жолақтары, МГц			
Борттық қайта таратқыштың баламалы изотропты сәуле шығару қуаты, дБВт			
Транспондер пайдаланатын жиілік жолағының пайызы			

Транспондердің пайдаланатын энергетикасының пайызы			
Жоғары желіге орталық жиілік, МГц, поляризация			
Төменгі желіге орталық жиілік, МГц, поляризация			
Жер станцияларының баламалы изотропты сәуле шығару қуаты, дБВт			
Жер станциясының тарату қуаты, Вт			
Халықаралық үйлестіру жағдайларына сәйкестігі			
Қосымша мәліметтер			

Ескертпе: * ғарыш аппараты арқылы бір уақытта жұмыс жасайтын арналар саны

Жалға берушінің атынан қол қойған: Жалға алушының атынан қол қойған:

Қолы: _____ Қолы: _____

Күні: " ____ " _____ ж. Күні: " ____ " _____ ж.

Ж е к е және (немесе) заңды

тұлғаларға ғарыш аппараттары

транспондерлерін ұсыну қағидаларына

б-қосымша

Ғарыш аппаратына спутниктік байланыстың жер станциясына қолжетімділігі

_____ (ұлттық оператордың атауы)

_____ (заңды және почталық мекенжайы)

_____ ұйымына

_____ (кәсіпорынның-спутниктік байланыстың жер станциясы иесінің атауы)

_____ (спутниктік байланыстың жер станциясының атауы және сәйкестендіру н ө м і р і)

спутниктік байланыстың жер станциясын пайдаланумен ғарыш аппаратына қ о л ж е т і м д і л і к к е

_____ ғарыш аппаратының

№ _____ транспондерінде

_____ бастап " ____ " _____ ж. № _____ шарт мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңде рұқсат етеді.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Қолы _____

Күні _____

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК